

«Ми­лы бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жа­нындағы «Шұғыла» шағын орталығы тәрбиеленушілерінің орын сақтау және тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жұмыстарының жүргізілуі туралы анықтама

«Милы бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Шұғыла» шағын орталығы тәрбиеленушілерінің орнын сақтау және тәрбиеленушілерді шағын орталықтан шығару жұмыстары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1- қосымша мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 15 және 16- тармағы негізінде іске асырылады.

«Шұғыла» шағын орталығы тәрбиеленушілерінің орны мынадай жағдайда сақталады:

- 1) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;
- 2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;
- 3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілгенде.

«Шұғыла» шағын орталығы тәрбиеленушілері мынадай жағдайда мектепке дейінгі ұйымнан шығарылады:

- 1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;
 - 2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;
 - 3) дәрігерлік консультатциялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда.
- 2022-2022, 2023-2024, 2024-2024 оқу жылдарында аталған қағиданың 15 және 16-тармақтары бойынша ешқандай кемшіліктер болған жоқ.

Білім беру ұйымының меңгерушісі:



Смогу Ж.С.Шалабаева